

А.Аманбаева

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФОНЕМАНЫҢ РЕҢКТЕРІ МЕН ДЫБЫСТЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР

Қоғам қайраткерлерінің дыбысталған дискурсын зерттеп, ондағы өзгерістерді табу үшін қазақ тіліндегі вариант, вариация, аллофон ұғымын анықтап, тілімізде көрініс табатын дыбыстық құбылыстарды, яғни редукция, ассимиляция процесін ажырату қажет.

Жалпы тіл білімінде фонеманың реңктері әртүрлі терминдермен аталады. Өйткені ол фонологиялық мектептердің ұстанымдары мен зерттеу бағыттарына байланысты болады. Мәселен Америка фонология мектебінде **аллофон** деп аталса, Ленинград фонологиялық мектебі **отенок** (реңкі) дейді. Ал Москва фонология мектебі **вариант** пен **вариация** деп атайды. Ең алдымен сегменттік фонетика тұрғысынан алғанда вариант пен вариация ұғымын анықтап алу қажет. Москва фонологиялық мектебінің теориясы бойынша фонеманың әлді позициядағы реңкі вариация, әлсіз позициядағы реңкі вариант деп аталады. Мұнда вариант ұғымы екі фонемаға қатысты болса, ал вариация бір фонемаға байланысты болады. Мәселен, *тар, тер, тұр, түр* дегенде «т» фонемасының әлді позициядағы төрт түрлі реңкі бар болса, ал әлсіз позицияда *жанды – жамбады, жанған – жаңған* дегендегі м мен н-ды вариант деп есептейміз. Яғни бұл жерде «н» фонемасының екі варианты бар. Олар: м, н. Сондай-ақ з фонемасы үш түрлі вариантта көрініс табады (с, ж, ш). Мысалы: *қазса – қасса, боз жорға – божжорға, көзсіз – көссіз* т.б.

Сонымен қатар сөйлеу кезінде сегментті бірлік пен суперсегменттік (просодикалық бірлік) бірлік қатар көрініс табады. Яғни сегментті бірлік арқылы дыбыстардың өзгеріске ұшырауы көрініс табатын болса, ал просодикалық жағынан келгенде сөйлеуші яғни адресанттың сөйлеу кезіндегі интонацияның компоненттерін (әуені, дауыс үдемелігі, кідіріс, қарқын, әуезі) орынды қолдануы негізге алынады. Яғни сегментті бірлік ретінде дыбысталған дискурстан алдымен фонемаларының варианты мен вариациясын, сонан соң оның просодикалық жағынан өзгеріске ұшырауын анықтау қажеттілігі туындайды.

Қазақ тілінде редукция мен ассимиляция құбылысының да өзіндік орны бар. Яғни редукция дегеніміз сөз аралығындағы дыбыстардың әлісіреп түсіп қалуы. Қазақ тілінде көп жағдайда редукция құбылысы дауысты дыбыстарға байланысты болады. Ғалымдар көбіне сөз құрамындағы ашық, жабық буындардың айтылу сазына байланысты дыбыстардың редукцияға ұшырайтынын байқаған. Редукция құбылысын жан-жақты зерттеген ғалым Б.Қалиев екпін түскен буындағы дауыстының күшті, қарқынды айтылып, анық-айқын дыбысталатынын, ал екпінсіз буындағы дауысты күшсіз болып әлісіреп, көмескі дыбысталатындығын айтады. Сондай-ақ екпінсіз буындағы

қысаң дауыстылар егер қатаң дауыссыздардың аралығында келсе, әжептәуір көмескіленетінін де эксперимент арқылы зерттейді. Ғалымның зерттеуінде қазақ тілі дауысты дыбыстарының созылыңқылығы өзі тұрған буынның түріне де байланысты болатындығы, яғни бітеу буындағы дауыстыларға қарағанда тұйық буындағы дауысты дыбыстың, ал тұйық буындағы дауыстыға қарағанда ашық буындағы дауысты дыбыстың созылыңқы айтылатынын дәлелдеп береді. Сондай-ақ буынның ашық болуы ондағы дауысты дыбысты созылыңқы етсе, керісінше тұйық болуы ондағы дауысты дыбысты созылыңқылығы жағынан қысқартады. Өйткені ашық буындағы дауысты дыбыстың созылыңқы болуы ол буындағы дауысты дыбыстан кейін ешбір дауыссыздың келмейтіндігінде екен. Оның айтылу созылыңқылығына көршілес дауыссыздардың еш кедергесі жоқ. Ал тұйық пен бітеу буындарда кедергіге ұшырып отырады. Дауысты дыбыстардың созылыңқылығы тек өзі тұрған буынның түріне ғана емес, көршілес буынның түріне де тәуелді екендігін айтқан жөн. Яғни бірдей фонетикалық жағдайда тұрған дауыстылар өзінен кейінгі буынның ашық, тұйық, бітеу болуына байланысты түрліше созылыңқылыққа ие болады. Айталық, ашық буынмен көрші тұрған буындағы дауысты аздап созылыңқы айтылады, ал тұйық буынмен көрші тұрған буындағы дауысты оған қарағанда қысқа болатындығын профессор эксперименттік тәжірибенің нәтижесі арқылы көрсетеді. Мысалы: дінсіз (40-100), балала (90-80-160), балалар (80-70-100) т.б. [1]. Бұдан шығатын қорытынды сөз ішіндегі дауыстылар тек өзімен көршілес тұрған дауыссыз дыбыстардың әсеріне ғана ұшырап қоймай, сонымен бірге көрші буында тұратын дауысты дыбыстардың ықпалына да ұшырай алады екен. Қазақ тіліндегі қысаң дауыстылардың созылыңқылығы олардың сөздегі алатын орнына да байланысты. Мәселен, ашық пен тұйық буындағы дауыстыны бітеу буындағы дауыстымен салыстырғанда, ашық пен тұйық буындағы дауысты созылыңқы айтылады. Мысалы: іс (100) – тіс (60), із (135) – біз (110). Яғни екі дауыссыздың қоршауында тұрған дауыстыға қарағанда сөз басында тұрған дауысты созылыңқы айтылып, ал сөз басында тұрған дауыстыға қарағанда сөздің соңында тұрған дауысты созылыңқы айтылады екен.

Ғалымдар дауыссыз дыбыстардың барлығы дауыстылардың созылыңқы болуына белгілі бір дәрежеде әсер ететіндігін айтады. Осы тұрғыдан қарағанда кейде көршілес дауыссыздардың әсері екпіннің әсерінен де күшті ме деген ойға қаласың. Өйткені қазақ тілінде редукция құбылысы көбінесе екпіннен алыс тұрған буындағы дауыстыда емес, қайта екпінге жақын тұрған буындағы дауыстыда жиі ұшырасады. Мыс: *бал^aлар, мағ^{bi}на, топ^{bi}рақ, қыз^{bi}мет, ор^{bi}ны* т.б. [1].

Сонымен қатар ғалым әрбір дауысты дыбыстың өзіне тән созылыңқылығы, күші, әуені болатындығын айтып, қысқа дауыстыларға қарағанда созылыңқы дауыстылар ұзағырақ айтылатындығын «созылыңқы дауыстыларды қанша болса да созып айтуға болады, бұдан сөздің мағынасы өзгермейді. Ал қысаң дауыстыларды соза беруге болмайды, егер созылған жағдайда сөздің мағынасы өзгереді немесе сөйлеу нормасы бұзылады» эксперименттік тәжірибелерінің нәтижесі арқылы көрсетеді.

Ғалым І.Кеңесбаевтың «фонетика» еңбегінде белгілі бір дауысты дыбыстың сөздегі алатын орнына байланысты әртүрлі айтылатындығы (редукцияланатындығы), кейде мүлде түсіп қалатындығы айтылған, оны екпінге және көршілес дыбыстардың ауанымен байланыстырады. Мысалы, автордың айтуы бойынша, қазақ тіліндегі көп буынды сөзде біркелкі [а] келгенде кейде екінші буындағы а күңгірттеу естіледі. Мысалы: *шағ^алалар, қал^алар* т.б. Бұл сөздердің екінші буынындағы а өзге буындардағы а-ға қарағанда күңгірттеу. Ал балалар сөзіндегі а дыбысы (ла буынындағы) ауызекі тілде редукцияланып, *баллар* немесе *балдар* түрінде айтылады. Сондай-ақ ғалым *ерін-ерні, мұрын-мұрны, көңіл-көңлі* деген сөздерді мысалға келтіріп, өзі тектес дауысты дыбыстың жалғануынан, сөз арасындағы дыбыстың түсіп қалатындығын айтады [2]. В.В.Севортян ашық дауыстыларға қарағанда қысандардың әлсіз болып, түсіп қалуға бейім болатындығын айтады. Сондай-ақ *кісіне* деген сөзді алатын болсақ, айтылымда алғашқы буындағы і дыбысы қысқа айтылса, екінші буындағы і дыбысы түсіп қалады. Яғни қазақ тілінің айтылымына сәйкес ашық және бітеу буында өзгеріске ұшырайтыны байқалады. Эксперименттік фонетикалық зерттеулерге қарайтын болсақ, ашық буындардың созылыңқы, ал тұйық буындардың қысқа айтылатындығы дәлелденген. Мысалы: *кі-сі-не* деген сөздегі үш ашық буынның *кісне* болып айтылғанда алғашқы буындағы і-нің қысқа естілуі жаңа пайда болған жабық буында тұруына байланысты (*кіс*). Ал екінші буындағы і-нің түсіріліп айтылуы қатар келген ашық буындардың сөйлеушінің өз ойын әрі тез, әрі нақтылы жеткізу жолындағы психологиясына байланысты. Себебі, тіліміздегі қандай сөзде болсын дауысты дыбыстың түсіріліп айтылуы тек қатар келген ашық буындарда ғана іске асады. Қазақ, түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың редукциялану жайы туралы пікірлерге сүйенер болсақ, кей сөздер бір-біріне қайшы келеді. Біз сөйлеу тілінде белгілі бір жүйе болу керектігін ескерсек, редукцияны таза фонетикалық құбылыс деп қарамай, морфонологиялық тұрғыдан да қарастыру қажет. Морфонологиялық құбылыстардың осы кезге дейін жете зерттелмеуі, барлық дыбысқа байланысты өзгерісті фонетика саласында қарастырып, фонетика заңдарымен түсіндіруге әрекет жасау редукциялану құбылысын дұрыс шешуге кедергісін тигізді. Мысалы: *мойын-мойны*, бірақ *шойын-шойны* емес, *халық-халқы*, бірақ *балық, салық, толық* сөздері *балқы, салқы, толқы* болып айтылмайды. Бұл мысалдардан бірізділіктің жоқтығын әр түрлі айтылатын бұл құбылысты қалай түсіндіруге болады? Редукциялану, біздіңше, тек сөйлеу процесінде пайда болатын ықшамдалу процесі. Сөйлеуші тыңдаушысына өз ойын әрі көп күш жұмсамай, әрі тез жеткізу мақсатында мағынаға нұқсан келмейтін тұста мүмкіндікті барынша ықшамдауға әрекет жасайды [2]. Сондай-ақ морфонологиялық құбылысқа жататын сіңісу құбылысы да тілімізде өзіндік орынға ие. Өйткені сіңісу құбылысында кейбір сөздердің құрамындағы морфемалар тілдің даму барысында мағыналарынан айырылады да ондай сөздер морфемаларға ажыратып мүшеленбейтін сөздер ретінде ұғынылады. Соның негізінде сөз құрамындағы морфемалардың мағыналары жойылып, олар бір-біріне кірігіп

кетеді. Оған мысал ретінде *сегіз он – сексен, тоғыз он – тоқсан, алып ке – әкел, алып бар – апар* деген сөздерді алуға болады [3].

Жалпы қазақ тіл білімінде **ассимиляция** құбылысының да өзіндік орны бар. Яғни ассимиляция морфемалар жігіндегі көрші келген дауыссыздардың акустика-артикуляциялық жағынан бір-біріне ұқсауы және артикуляциялық жағынан бейімделіп берілуі. Оған мысал ретінде *ат-қа, бас-ты, ақ-қа, дәп-тер-ге* деген сөздерде түбірге жалғанатын қосымшалардың бір-біріне бейімделуін, сондай-ақ айтылым кезіндегі түбір мен қосымшаның бір-біріне ықпал етуін *басшы – баишы, қосшы – қоишы, сезсе – сесе* т.б. Ассимиляцияның прогрессивті, регрессивті және тоғыспалы болып бөлінетіндігі белгілі. Мәселен, прогрессивті ассимиляцияда алдыңғы морфеманың соңғы дауыссыз дыбысы кейінгі морфеманың басқа дауыссыз дыбысына акустикалық жақтан ықпал етіп, игеріп тұрады. Яғни түбір морфемаға қосымшаның игеріліп тұруы *нан-ға, нан-мен, нан-ның* дегенде үнді дауыссыздар сөзді аяқтап тұрады. Қазақ тілінде ұяң дауыссыздардан тек ж, з дыбыстары ғана сөз соңында келеді. Айталық, ж дыбысына аяқталатын сөздер өте аз (*мұқтах, лаж, уәж, тәж*), орыс тіліне қазақ тіліне енген сөздердің соңында ж мен з әріптері жазылады (*тираж, экипаж, фиксаж*). Сондай-ақ, қазақ тілінде қатаң дауыссыздар сөзді аяқтап тұрады. Сөз соңындағы қатаңдар өзінен кейінгі морфемалардың тек қатаң дауыссыздардан басталуын талап етеді. Мысалы: *тас-қа, ас-қа, бас-қа, тәс-ке* т.б. Прогрессивті ассимиляция кезінде үнді дауыссыздар алмасуға ұшырамайды. Ал регрессивті ассимиляция кезінде бір дыбыс ғана алмасады. Ол н дыбысы. Бұл дыбыс тіл арты ғ мен ғ үнсіздерінің алдынан келгенде айтылымда өзгеріске ұшырайды (*қ мен к дыбыстарының ұяңданатыны* белгілі). Мысалы: *жанған – жаңған, көнген – көңген* т.б. Сондай-ақ алдыңғы сөз н дыбысына аяқталса, кейінгі сөз п дыбысынан басталса, тіл алды н дыбысы қос ерін м дыбысына алмасады. Мысалы: *жанпида – жампида, Жанпейіс – жампейіс* т.б. Тоғыспалы ассимиляцияның да өзгеріске ұшырайтын кездері болады. Оған прогрессивті мен регрессивті ассимиляцияның да ықпалы болып, екі жақты өзгеріске ұшырайды. Яғни бұл сөз бен сөздің арасында кездеседі. Мысалы: *Аманкелді – Амаңгелді, күн көрді – күңгөрді, тас жол – таишол, бес жыл – беишыл, қайран қалды – қайраңғалды* т.б. Яғни бұл өзгерісі айтылым кезінде орын алады.

Қорыта келгенде қазақ тіліндегі редукция мен ассимиляция құбылысы тілімізде болатын өзіндік құбылыс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 Б.Қалиев Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы – А., 1984.
- 2 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ғылым, 1975
- 2 Төлекова Г.Қ. Қазақ тіліндегі сіңісу, ығысу құбылыстары. – Алматы. 2008ж.

3 Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы [Текст] : оқу құралы / – Алматы : Санат, 1995.

Т.В.К.К.

Қазақ тілі кирил графикасындағы ы мен і-нің редукциялануы

Орын – орны, мұрын-мұрны, жиын – жинау, қиын – қинау, көңіл – көңлі, ауыз – аузы, дауыс – даусы, бөрік – бөрікі, ерін – ерні, қауын – қауны, қарын – қарны, ойын – ойна, мойын – мойны, қарын – қарны, қырық – қырқы, нарық – нарқы, қорық – қорқу, тұрық – тұрқы, көрік – көркі, бөрік – бөрікі, ғұрып – ғұрпы, әріп – әрпі, құлық – құлқы, халық – халқы, жалық – жалқау, мүлік – мүлкі, көңіл – көңлі, тәңір – тәңірі, ерік – еркі, кейіп – кейпі, құлық – құлқы, қойын – қойны, парық – парқы, қалып – қалпы, кейіп – кейпі, пейіл – пейлі, сілік – сілкі, жалық – жалқау, қалық (ет) – қалқы, қалқыған, көлік (ет) – көлку, көлкіп; кілік – кілку, қайын – қайны, бұйыр – бұйрық, қайыр – қайрыл, қайрақ; тәйір – тәйірі бұйір – бүйрек, ұйық – ұйқы, ұйықта; сыйық – сыйқы, түйір – түйіре, түйреуіш; сүйір – сүйіріктей, бауыр – бауры, баурайында; ауыр – ауру, жауыр-жаурын, жәуір – дәурен, шуыл – шула, ауыл – аулы, буын – буға, қауыз – қауза, зауық – зауқы, қауіп – қаупі, жаныш – жаншы, жаншу; шаныш – шаншы, шаншу; уақыт – уақтылы, ресім – ресми, қарын – қарны, қойын – қойны, жалық – жалығу, жалығады; жайыл – жайылым, жайылып; қайыр – қайырып () кел; қайыра – малды қайыра бастайды; қорық (зат е) – қорығы, көрік (ұстаның құралы) – көрігі, көрік (келбеті мағынасында) – көркі, құлық (пейіл) – құлқы, құлық (құлақ ішіндегі) – құлығы т.б.